Ойындар (үстел үсті, саусақжәне т.б)	Саусақ жаттығуы: «Құстар қанат қағады» Мақсаты: Балаларға саусақ қимылдары арқылы қызығушылықтарын арттыру. Құстар ұшып барады, Көкте қанат қағады. Барлық құстар қосылып, Шиқ-шиқ-деп, ән салады.	Жаңылтпаш Тақпақ жаттап, Айтсақ-жақсы-ақ. Жатқа тақпақ, Жатта тақ-тақ.	Еркін ойын «Үйшік құрасығтру» Мақсаты: Қол қимылдарының икемділігін, дәлдігін, көз мөлшерін дамыту.	Мақал-мәтел: «Ас-атасы нан» «Нан— тамақтың атасы, Ынтымақ — көптің батасы»	«Суретші қай жерде қателесті?» Мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін дамыту, суреттегі сәйкессіздікті таба алға үйрету.
Таңертеңгі жаттығу	Таңертеңгі жаттығу кешені №3	Таңертеңгі жаттығу кешені №4	«Қара жорға» биі	Таңертеңгі жаттығу кешені №3	Таңертеңгі жаттығу кешені №4
Таңғы ас	Ас мәзірімен таныстыру Асты тауысып ішуін қадағалау. Асқа алғыстарын айтып, бата беру.	Ас мәзірімен таныстыру Асты ішудегі әдеп ережелерін сақтауға үйрету.	Тәтті тамақ жейміз. Рақмет аспаз дейміз. Ас мәзірімен таныстыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айту.	Көркем сөз: Тамақ ішер кез келді, Сөйлемейміз күлмейміз. Астан басқа өзгені, Көзімізге ілмейміз.	Ас мәзірімен таныстыру Мақал-мәтел «Ас атасы – нан» «Дәнді шашпа, нанды баспа»
Ойындар, ұйымдастырыл ған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық	Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар				
	Тыйым сөздер: «Нанды аяқ астына тастама» «Нанды төңкеріп қоюға болмайды»	Еркін ойын: «Ғажайып дорба» Мақсаты: Сипап сезу арқылы анықтауды үйрету.	Тіл ұстарту жаттығуы Үз-үз-үз Жаңбырлы күз. Рақ-рақ-рақ, Саулайды жапырақ. Ел-ел-ел, Соғады жел. Іс-іс-іс, Піседі жеміс.	Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: «Буынға буын қос» Мақсаты: Буынға буын қосып жалғастыруға үйрету.	Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: «Бұл қай ертегі?» Мақсаты: Ойын арқылы өтілген ертегілерден алған білімдерін тиянақтау.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Жаратылыстану Т: «Нан қайдан келеді?» М: <i>Бидай тұқымымен танысу,бидайдың өсу жолын тәжірибе жасау арқылы түсіну.</i> Өзін-өзі тану Т: «Менің балабақшам»	Математика негіздері Т: «7,8,9 сандары және цифрлары» М: 7, 8, 9 сандары және цифрларымен танысу, олардың сандар қатарындағы орнын, құрамын анықтай алу.	Сауат ашу негіздері Т: «Буын» М: Буын туралы түсіну, сөздерді буынға бөлу,сөздегі буын санын және орналасу ретін анықтау. Сурет салу	Сауат ашу негіздері Т: «Буын» М: Сөздердің бір буыннан және көп буыннан тұратынын білу. Сөзде неше дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын түсіну.	Көркем әдебиет Т: «Ертегі әлеміне саяхат» М: <i>Ертегіні сахналау барысында кейіпкерлердің мінез - құлқын жеткізе білу,қимыл - қозғалысын</i>

	М: Балабақшаға деген сүйіспеншілік сезімдеріне бөлеу, айналадағы адамдарды жақсы көру, құрметтеу, еңбегін бағалай білу. Орыс тілі Т: «Продукты питания» М:Расширять знания детей о продуктах питания, закреплять умения классифицировать продукты питания по их происхождению Музыка Т: «Жемістер бағында» М: Музыкаға деген сезімін ояту. Қарапайым ырғақтармен би билеуді үйрету.	Қауіпсіз мінез құлық негіздері Т:«Тамақтану мәдениеті» М:Тамақтану мәдениетін сақтаудың маңыздылығын түсіну, пайдалы және зиянды азық-түліктерді ажырата алу. Сөйлеуді дамыту Т:«Ең тәтті дүние» ертегі М:Ертегі мазмұнымен танысу,кейіпкерлердің өзара қарым-қатынасын көркем түрде қолдану және баяндай білу. Мүсіндеу Т: «Бидай» М: Қатты қағаз үстінде домалақтарды мүсіндеп, бидайды мүсіндей білу	Т: «Тоқаштар» Мақсаты:Сопақша, дөңгелек, төртбұрыш пішіндерді салып бояу. Дене шынықтыру Т: «Біз шапшаң баламыз» М: Түрлі тапсырмалармен жүгіруді, тақтай бойымен допты түзу домалатуды үйрену.	Құрастыру Т: «Алтын дән» М: Дәнді дақылдарды пайдаланып жұмыс жасай білу, әңгіме мазмұнын түсіне отырып ұқыпты жұмыс жасай білу. Дене шынықтыру Т: «Саяхатқа шығамыз» М: Тепе-теңдікті сақтап шығыршықтан шығыршыққа секіруді, тақтай бойымен жүруді үйрету. Доға астынан еңбектеп өту(биіктігі50см)	келтіріп ойнай алу. Жапсыру Т: «Торт» М:Пішіндерді қолдана отырып тортты безендіру. Музыка Т: «Жемістер бағында» М: Музыкаға деген сезімін ояту. Қарапайым ырғақтармен би билеуді үйрету.
Серуенге дайындық	Киімдерін дұрыс киюін қадағалау	Киімдерін оң және дұрыс киюге дағдыландыру	Асыр салып ойнаймыз	Аяқ киімдерін дұрыс киінуге дағдыландыру	Сөредегі киімдерін алып киінуге жинауға дағдыландыру
Серуен: Табиғатпен танысу	Картотека №23	Картотека №24	Картотека №25	Картотека №26	Картотека №27
Серуеннен оралу	Кезекшілік міндетін атқаруды үйрету.	Аяқ киімдерін жинап қоюға үйрету.	Қолды дұрыс жууға үйрету.	Аяқ киімдерін ретімен қоя білуге үйрету.	Кезекшілік міндетін атқаруды үйрету.
Түскі ас	Бата қайыру Дастарханыңнан дәм кетпесін, Көңіліңнен сән кетпесін. Ұрпақ, ұлыс аман болып, Өміріңнен мән кетпесін. Әумин.	Көркем сөз: Асты-шашпай төкпей іш, Сораптамай баппен іш. Ақырын алып қолыңа, Шашпай же нанды да.	Түскі ас мәзірімен таныстыру Тамақтан соң бата қайырып,«Рақмет» айту	Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс; әдеп ережесі.	Көркем сөз: Дастарханның басында Әдептен біз бас озбаймыз Үлендердің қасында Қолды бұрын созбаймыз.
Түскі ұйқы	Балалардың ұйықтауына жағымды жағдай жасау.	Ұйқы адам денсаулығы үшін маңызды.	Балаларға ертегі айта отырып, ұйқыға жатқызу.	Ертегі айтып беру, ұйықтауға жағдай жасау.	Музыка әуенімен балаларға жағымды жағдай орнатып, ұйқыға жатқызу.
Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары	Шынықтыру шарасы. «Денсаулық» жолымен жүру. Арнайы жолдармен, Жалаң аяқ жүреміз. Табанға біз нүктелі, Массаж жасау білеміз.	Кереуетте жатып, аяқ – қолдарын жоғары көтеру кезекпен. - Керуетте жатып велосипед тебу. - Қолды алға созып, қайшылап қозғалту.	Керует жанындағы жаттығулар Бойымызды жазайық. Қолымызды созайық Жаттығулар жасайық, Ұйқымызды ашайық.	Шынықтыру шарасы. Табанды шынықтыру массажы Таяқтарды жылжытып, Массаж жасау білеміз. Он аяққа 1-2-3, Сол аяққа 1-2-3.	Керует жанындағы жаттығулар 1. Б.қ.: аяқты сәл алшақ қою. Қолдарды жан-жаққа созу, былғау . 2. Б.қ.: тұрып, қол белде, аяқ сәл алшақ. Оң жаққа, сол жаққа бұрылу.

Бесін ас	Ас ішу ережелерін естеріне салу (төкпей- шашпай ішу, сулықты пайдалану, болған соң алғыс айту, орындықтарын орнына итеру) Ас мәзірімен таныстыру.				
Вариативтік компонент	Вариативтік компонент Көңілді би Т: «Жемістер биі»		Вариативтік компонент Логика		Вариативтік компонент Дамыту ойыны
Ойындар, дербес әрекет	Сюжетті рөлдік ойын: «Құрылысшы» Мақсаты: Ойын арқылы үйлерді қалай салатынын көрсету. Құрылысшы маманының еңбегі зор екенін саналарына сіңіру.	Дидактикалық ойын: «Айырмашылығын тап» Мақсаты: Балаларға екі суреттің немесе заттың айырмашылығын таба білуге, өз ойын айта білуге үйрету, ақыл-ойларын дамыту.	Драматизациялық ойын: «Мақтақыз бен мысық» Мақсаты: Ертегінің мазмұнын сомдай білуге дағдыландыру, сөздік қорларын дамыту.	Дидактикалық ойын: «Ойыншықтарды ата» Мақсаты: Ойыншықтардың аттарын атап, оларды бір – бірінен түсіне, көлеміне қарай ажырата білуге үйрету.	Қимылды ойын: «Ханталапай» Мақсаты: Ұлттық ойынға деген қызығушылығын арттыру, ептілікке, шапшандыққа баулу.
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	«Бауырсақ» ертегісі Мақсаты: Балаларды өздігінен рөлдерді бөлуді, берілген рөлге сәйкес әрекет етуді үйрету	«Кім қайда?» Мақсаты: Кеңістікті бағдарлауға үйрету.	«Лото» Мақсаты: Баланың ойлау қабілеті мен сөздік қорын дамыту, қиындықты жеңуге, төзімділікке баулу.	«Тез құрастыр» Мақсаты: Балалар тез ойлануға, өзіндік шешім қабылдауға үйрену.	«Асхана» Мақсаты: Балаларды рөлге бөліп, диалогпен сөйлеуін дамыту.
Серуенге дайындық	Киіну: серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау				
Серуен	Картотека №23	Картотека №24	Картотека №25	Картотека №26	Картотека №27
Серуеннен оралу	Киімдерін дұрыс жинап қоюға үйрету				
Кешкі ас	Кешкі ас мәзірімен таныстыру. Асты ұқыпты отырып ішу. Асқа бата беру.				
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналармен әңгіме «Балаңызбен жиі әңгімелесесіз бе?»	Баланың бүгінгі жетістігі, бала денсаулығы мен тамағы жөнінде ата-анамен әңгімелесу.	Дәрігердің кеңесі :»Адамға қарай түкіруге, үшкіруге болмайды»	Ата-аналарға кеңес: «Отбасыңызда балаңыз бос уақытын қалай өткізеді?»	Балаларды ата-аналарына аман-есен табыстау.

Тексерілді:



ЦИКЛОГРАММА

Өтпелі тақырып: «Жомарт күз»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 19.10	Сейсенбі 20.10	Сәрсенбі 21.10	Бейсенбі 22.10	Жұма 23.10
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу	Балаларды таңертең қабылдау, жағымды жағдай орнату және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Балабақша туралы жақсы ой қалыптастыру. Ата-аналармен бала денсаулығы туралы әңгімелесу.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	«Салат» саусақ ойыны: Сәбізді алып тазалаймыз, Үккішпен үгіп майдалаймыз. Қанттан сеуіп дәмдейміз, Міне дайын нәр тағам. Өлең мазмұны бойынша қимыл жасау.	«Менің бейнем» Мақсаты: Әр түрлі бейнелерді сипаттап көрсетуге үйрету. Эмоциялық түр өзгертулерін дамыту. Аңғарымпаздыққа тәрбиелеу.	Әңгімелесу:«Күз жомарт» Мақсаты: Сюжетті суреттер бойынша әңгіме құрастыра білуге жаттықтыру.	«Зат неге ұқсайды» Мақсаты: Балалар бөлме ішіндегі заттардың қандай пішінге ұқсайтынын ажыратып айта білуге үйрету.	«Қарап ал да есіне сақта» Мақсаты: Бала ларды көрген суреттерді есіне сақтап,көз алдына елестете отырып әрқайсысын ретімен атап шығуға жаттықтыру.
Таңертеңгі жаттығу	Таңертеңгі жаттығу кешені №3	Таңертеңгі жаттығу кешені №4	«Қара жорға» биі	Таңертеңгі жаттығу кешені №3	Таңертеңгі жаттығу кешені №4
Таңғы ас	Көркем сөз: Сырттан келіп үнемі Сабынмен қол жуамыз. Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз.	Таңғы ас мәзірімен таныстыру, асты ұқыпты ішулерін қадағалау. Ас қайырып, бата беру.	Ас мәзірімен таныстыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеу. Әдептілік ережелерін түсіндіру.	Ас мәзірімен таныстыру. Асты сөйлемей мәдениетті ішуге қалыптастыру.	Балалардың назарын тамаққа аудару. Мәдениетті тамақтану.
Ойындар,Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық	Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар				
	«Мекенін тап» Мақсаты: Жануарларды ұқсас белгілерінеқарай табу,олар дың мекен анықтау.	Саусақ жаттығуы «Сан санамақ» Мақсаты: Саусақ моторикасын және сөйлеу ырғағын дамыту.	«Жалпы атауын ата» Мақсаты: Сөздердің жалпы атауын айта білуге жаттықтыру.	«Белгілі дыбысқа сөз таңда» Мақсаты: Сөз белсенділігін ойлау жылдамдығын дамыту.	«Шынжырға ертегілерді жинайық» Мақсаты: Ауызекі сөйлеу және есте сақтау қабілетін дамыту.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	<u>Жаратылыстану</u> Т: «Біздің өлкемізде қандай жануарлар тіршілік етеді» М: Жануарлардың табиғаттағы рөлі мен маңызын түсіну, өлкемізде тіршілік ететін жануарларды атай алу. <u>Өзін-өзі тану</u> Т: «Менің тәрбиешім» М: Адамгершілік,	<u>Математика негіздері</u> Т:«10саны» М: 10 санының таңбасымен танысу, 10 санының құрамын анықтау, бір және екі таңбалы сандарды тану. <u>Дене шынықтыру</u> Т: «Кім сергек» М: Арқаға қапшық қойып төрттағандап еңбектеуді,бір орнында қашықтыққа алға қарай жылжу арқылы секіруді	<u>Сауат ашу негіздері</u> Т: «Сөйлем» М: Сөйлемді интонация бойынша ажырата алу, сөйлеу барысында қолдана білу. <u>Сурет салу</u> Т:«Күз көрінісі» М: Басып сау әдісін қолданып күзгі ағаштарды салу <u>Дене шынықтыру</u> Т: «Ойна әрі шымыр бол»	<u>Сауат ашу негіздері</u> Т: «Сөйлем» М: Сөйлем сызбасын құра білу, сөйлемнің неше сөзден тұратынын ажырата алу. <u>Қоршаған ортамен танысу</u> Т:«Ауылдағы адам еңбегі» М: Ауылдағы адамдардың еңбегімен танысу,еңбек түрлерін ажырата білу. <u>Дене шынықтыру</u> Т: «Елгі болуға үйренейік»	<u>Көркем әдебиет</u> Т:«Шаруа мен аю» ертегі М: Ертегі мазмұнымен танысу, кейіпкерлердің жағымды-жағымсыз әрекетін ым-ишара арқылы жеткізе білу. <u>Музыка</u> Т: «Күзгі қойма» М: Музыканы тыңдата отырып,ішкі сезімін

	сыйластық құндылықтарын ұғыну, үлкендерді құрметтей білу. Орыс тілі Т:«Овощи и фрукты» <i>М:Расширять знание детей об овощах и фруктах.</i> Музыка Т: «Күзгі қойма» <i>М:Музыканы тыңдата отырып,ішкі сезімін ояту.</i>	үйрену. Кіріктірілген ҰОҚ Сөйлеуді дамыту Т:«Отбасының күзгі еңбегі» әңгіме <i>М:Адамдардың күзгі еңбегімен танысу,еңбекті бағалау, құрметтей білу.</i> Мүсіндеу Т: «Асқабақ.» <i>М:Таяқша көмегімен асқабақты мүсіндеуді үйрету.</i>	М:Түрлі қарқында жүружәне бір сызыққа қойылған заттар арасымен жыланша ирелеңдеп,жүруді,допты жоғары лақтырып,қағып алуды білу.	М:Арқан бойымен бір жақ жанымен қырындап тепе-теңдікті сақтап жүруді үйрену.	ояту.
Серуенге дайындық	Киімдерін ұқыпты киіну. Табиғатқа шығуға дайындық.	Балаларды серуенге шығуға қызығушылық туғызу.	Балаларды серуенге шығуға дайындау.	Ұқыпты киініп таза ауаға шығу.	Балалардың серуенге қызығушылығын туғызу.
Серуен. Табиғатпен танысу.	Картотека №23	Картотека №24	Картотека №25	Картотека №26	Картотека №27
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі.	Киімдерін реттілікпен шешіп,сөрелерге қою.	Мәдени-гигиеналық,тазалық шаралары.	Өз-өздеріне қызмет жасау, тазалық шаралары.	Аяқ-киімдерін реттеп қою.
Түскі ас	Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс; әдеп ережесі.	Үстелге дұрыс отырып,тамақтануға , нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білу.	Көркем сөз: Нан қоқымын шашпандар, Жерде жатса баспандар. Теріп алып қастерлеп, Торғайларға тастандар!	Ұқыпты тамақтану, асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдану.	Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге үйрету.
Тәтті ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату.	Ертегі айта отырып,ұйқыға жатқызу.	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай туғызу.	Балалардың тәтті ұйқыға жатуына жағымды жағдай жасау.	Балалардың тыныш ұйықтауын қадағалау.
Біртіндеп ұйқыдан ояту,ауа,су шаралары.	Кереуеттегі жаттығулар Көзімізді ашайық Аунап,қунап алайық, Ұйқымызды ашайық.	Кереует жанындағы жаттығулар Бойымызды жазайық Қолымызды созайық Жаттығулар жасайық, Ұйқымызды ашайық.	Шынықтыру шаралары Әдемі ирек жолдармен Лақтарша біз ойнақтап Тастан-тасқа секіріп Жалаң аяқ жүреміз Табанға біз нүктелі Массаж жасай білеміз.	Демалуды қалпына келтіру Қол ұстасып тұрайық Шеңберді біз құрайық Көріскенше күн жақсы Сау саламат болайық!	Кереует жанындағы жаттығулар Бойымызды жазайық Қолымызды созайық Жаттығулар жасайық, Ұйқымызды ашайық.
Бесін ас	Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс				
Вариативтік компонент	Вариативтік компонент Көңілді би Т: «Жемістер биі»		Вариативтік компонент Логика		Вариативтік компонент Дамыту ойыны

Ойындар, дербес әрекет		Үстел үсті ойыны: «Домино» Мақсаты:Балалардың ой өрісін дамыту	Сюжетті- рөлдік ойын: «Аурухана» Мақсаты: Өздіктерінен рөлдерді бөле білуге үйрету. Қызығу шылықтарын арттыру. Бір-біріне деген қамқорлыққа тәрбиелеу.	Үстел үсті ойыны: «Жоғалған зат». Мақсаты:Үстел үстіне қойылған заттарға мұқият қарап алады,көзін жұмып қайта ашқанда қай зат жоқ екенін табу.	Ұлттық ойын: «Асық ату» Мақсаты: Балаларды ұлтжандылыққа, дәлдікке баулу.
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	«Маған керек дәрумен» Мақсаты:Үстел үстіндегі суреттерден дәрумендері бар, денсаулыққа пайдалы тағамдарды топтастыруға үйрету.	«Сөйлемді аяқта» Мақсаты:Менің досым... (сыпайы,қайырымды, ақылды, ақкөңіл) Сөздік қорын молайту, шағын әңгіме құрастыруғаүйрету.	«Тез құрастыр» Мақсаты: Балаларды тез ойлануға, өзіндік шешім қабылдауға үйрету.	«Саусақтар жүреді» Мақсаты:Екі саусақпен 10-ға дейін тура және кері санап, алға-артқа жүру.	«Ханталапай» Мақсаты:Ептілікке, шапшаңдыққа баулу.
Серуенге дайындық	Киіну: серуенге дайындық,таза ауаға шығу.				
Серуен	Картотека №23	Картотека №24	Картотека №25	Картотека №26	Картотека №27
Серуеннен оралу	Киімдерін ұқыптылықпен өз сөрелеріне ілу.Аяқ киімдерін сөрелерге ұқыптылықпен жинау.Мәдени гигиеналық машықтар.				
Кешкі ас	Кешкі ас мәзірімен таныстыру.Балалардың назарын тағамға аудару; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс.				
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға кеңес: «Баланы қоршаған әлемді танып білуге дағдыландыру»	Балаға кеңес: "Үйдегі өткір, үшкір заттардан абай бол, балақай"	Ата-анамен балаларының балабақшадағы достарымен қарым-қатынасы туралы әңгімелесу.	Ата-аналармен сұхбат:"Мекен жайды дұрыс айту."(үйде соны қадағалау)	"Баламен демалыс күндерін қалай өткізесіз?" ата-аналармен әңгімелесу

Тексерілді:



ЦИКЛОГРАММА

Өтпелі тақырып: «Қош келдің, Алтын күз!»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 26.10	Сейсенбі 27.10	Сәрсенбі 28.10	Бейсенбі 29.10	Жұма 30.10
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу	Таңертең балаларды жылы жүзбен қарсы алу, денсаулығына, тазалығына назар аудару. Балаға жағымды жағдай туғызу. Балалардың балабақшаға келуге қызығушылығын арттыру. Балабақша туралы жақсы ой қалыптастыру. Ата-аналармен бала денсаулығы туралы әңгімелесу.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	Әңгімелеу: «Қай жыл мезгілі?» Мақсаты: Күз мезгілінің ерекшеліктері туралы әңгімелеу.	«Не артық?» Мақсаты: Берілген тапсырмаларда белгілі бір заттарды ұқсастығына қарай топтастыру, жиын туралы түсініктерін қалыптастыру.	«Санамақ» ойыны Мақсаты: Кіші моториканы және сөйлеу ырғағын дамыту. Бір, екі, үш, төрт, бес, Анаммен сурет саламын Міне басы, міне іші. Аяқтары, қолдары, көздері Аузы, сақинадан жасалған Әдемі шашы да бар.	«Бізде» Мақсаты: Балалардың ойын шартын түсініп, әңгімелеу арқылы, сұрақтарды толықтыру, сөздік қорды байыту.	Жаңылтпаш Ата мен әже, ана да, Алма мен алмұрт тереді. Ауырға Арман бала да, Арбамен тасып береді.
Таңертеңгі жаттығу	Таңертеңгі жаттығу кешені №3	Таңертеңгі жаттығу кешені №4	«Қара жорға» биі	Таңертеңгі жаттығу кешені №3	Таңертеңгі жаттығу кешені №4
Таңғы ас	Таңғы ас мәзірімен таныстыру. Тыйым сөз бен әдептілік нышандарын үйрету	Көркем сөз Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жусан сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың.	Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамақтану.	Көркем сөз: Ас ішуге тұрайық, Қолымызды жуайық Сабын суды аямай, Тазалықты ұғайық.	Ас мәзірімен таныстыру. Ас ішу ережелерін естеріне салу.
Ойындар, Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық	Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар				
	«Бұл не?» Мақсаты: Өсімдік түрлерін ажырата білуге және оларды сипаттай алуға үйрету.	«Сиқырлы қапшық» Мақсаты: Заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруға, топтастыруға үйрету	Көркем сөз: А дегенім атаң, Ақ тілекті батаң. Ақыл сөзін тыңдап, Ардақтай біл, ботам!	«Жоқ дыбысты тауып айт» Мақсаты: Өлеңдегі соңғы дыбысты таба білуге үйрету.	«Жемістер мен көкөністер» Мақсаты: Жемістер мен көкөністерді топтастыруға үйрету.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	<u>Жаратылыстану</u> Т: «Барлық ағаштардың жапырағы түсе ме?» М: Күз мезгіліндегі ағаштарды бақылау, оларда болатын өзгерістерді ажырата алу. <u>Өзін-өзі тану</u> Т: «Жақсылық жасай	<u>Математика негіздері</u> Т: «Заттарды өлшемі бойынша салыстыру» М: Берілген заттарды өлшемі бойынша салыстыру және беттестіре алу. <u>Күтілетін нәтиже:</u> Берілген заттарды өлшемі бойынша салыстырады және беттестіре алады.	<u>Сауат ашу негіздері</u> Т: «А дыбысымен танысу» М: «А» дыбысымен танысу, «А» дыбысы кездесетін сөзге мысал келтіріп, сөйлем құрау. <u>Сурет салу</u> Т: «Жапырақ» М: Көпқабатты сурет салу әдісімен танысу.	<u>Сауат ашу негіздері</u> Т: «А дыбысымен танысу» қайталау М: «А» дыбысы бар сөздерге дыбыстық талдау жасау, сөздерді буынға бөлу. <u>Құрастыру</u> Т: «Жәндіктер» М: Табиғи материалдарды	<u>Көркем әдебиет</u> Т: «Көкөністер мен жемістер» айтысы М: Көкөністер мен жемістердің пайдасы және олардың құрамындағы дәрумендер жайлы білу. <u>Жапсыру</u> Т: «Сары жапырақты

	білеміз» <i>М: Күнделікті өмірде кездесетін әртүрлі жақсылық пен жамандықты ажырата білу.</i> Орыс тілі Т:«Золотая осень» <i>М:Уточнить и углубить знание детей об осеннем времени года.Закреплятьпонятие об осенних явлениях.</i> Музыка Т: «Күз жомарт» <i>М:Ән тыңдау арқылы ой сезіміне әсер етіп,эстетикалық,талғам паздығын қалыптастыру.</i>	<u>Қауіпсіз мінез құлық негіздері</u> Т:«Күн, су, ауа, біздің достарымыз» <i>М:Өлі табиғатты ажыратып, денсаулыққа пайдасы жайлы түсіне білу.</i> <u>Кіріктірілген ҰОҚ Сөйлеуді дамыту</u> Т:«Күзгі жапырақтар» (сурет бойынша әңгіме) <i>М:Күзгі табиғат жайлы әңгімелеу, күздегі жапырақтар түсінің өзгеруін білу.</i> <u>Мүсіндеу</u> Т: «Жапырақ» <i>М: Барельеф әдісін қолданып,жапырақты мүсіндей білу.</i>	<u>Дене шынықтыру</u> Т: «Кім жылдам?» <i>М:Гимнастикалық орындық үстінен етпетінен жатып,шаян сияқты тартылып, орындықтың екінші басына шығуды үйрету.</i>	<i>пайдаланып кепкен жапырақтардан әртүрлі жәндіктерді бейнелей алу.</i> <u>Дене шынықтыру</u> Т:«Біз епті баламыз» <i>М:Тепе-теңдікті сақтап ,екі аяқпен бір орында тұрып,ұзындыққа секіруді,жіптің үстінен жүруді қалыптастыру.Заттардан аттап өтуді,екі қолмен допты ұстап себетке дәлдеп лақтыруды үйрену.</i>	ағаш» <i>М:Бүктеп қию арқылы жапырақтарды жапсыруды білу.</i> <u>Музыка</u> Т: «Күз жомарт» <i>М:Ән тыңдау арқылы ой сезіміне әсер етіп,эстетикалық,талғам аздығын қалыптастыру.</i>
Серуенге дайындық	Балалардың серуенге қызығушылықтарын туғызу.	Киімдерін ұқыптылықпен киіну.Таза ауаға серуен.	Балаларды серуенге шығуға дайындау.	Ұқыптылықпен киіну.Таза ауаға шығу.	Балалардың серуенге қызығушылықтарын туғызу.
Серуен: Табиғатпен танысу	Картотека№7	Картотека№8	Картотека№9	Картотека№10	Картотека№11
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін реттілікпен шешуі,гигиеналық шаралар.	Балалардың серуенге қызығушылықтарын туғызу.	Мәдени-гигиеналық тазалық шаралары.	Аяқ киімдерін реттеп қою,су процедуралары.	Өз-өздеріне қызмет жасау,тазалық шаралары.
Түскі ас	Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс; әдеп ережесі.	Бата қайыру Дастарханың бай болсын, Қазан - ошағың май болсын. Төрт түлігің сай болсын, Көңілің толып жай болсын.	Ас мәзірімен таныстыру. Ұқыпты тамақтану тамақтан соң «Рахмет»айту.	Көркем сөз: Нан қоқымын шашпаңдар, Жерде жатса баспаңдар. Теріп алып қастерлеп, Торғайларға тастаңдар!	Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс; әдеп ережесі.
Ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату.	Балалардың тәтті ұйқыға жатуына жағымды жағдай туғызу.	Балаларды тәтті ұйқыға жаттығу.	Балалардың тәтті ұйқыға жатуына жағымды жағдай туғызу.	Ертегі айта отырып,ұйқыға жатқызу.
Біртіндеп ұйқыдан ояту,ауа,су шаралары	Кереует жанындағы жаттығулар Бойымызды жазайық Қолымызды созайық Жаттығулар жасайық, Ұйқымызды ашайық.	Шынықтыру шаралары Әдемі ирек жолдармен Лактарша біз ойнақтап Тастан-тасқа секіріп Жалаң аяқ жүреміз Табанға біз нүктелі Массаж жасай білеміз.	Кереует жанындағы жаттығулар Бойымызды жазайық Қолымызды созайық Жаттығулар жасайық, Ұйқымызды ашайық.	Кереуеттегі жаттығулар Көзімізді ашайық Аунап,қунап алайық, Ұйқымызды ашайық.	Демалуды қалпына келтіру Қол ұстасып тұрайық Шенберді біз құрайық Көріскенше күн жақсы Сау саламат болайық!
Вариативтік компонент	Вариативтік компонент Көңілді би		Вариативтік компонент Логика		Вариативтік компонент Дамыту ойыны

	Т: «Жемістер биі»				
Бесін ас	Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс				
Ойындар, дербес әрекет Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Дидактикалық ойын: «Ойыншықтарды жасыр» Мақсаты: Заттың санын есту, сезу қабылдаулары арқылы анықтау.	Ұлттық ойын: «Ханталапай» Мақсаты: Балаларды ұлтжандылыққа тәрбиелеу. Ептілікке, шапшаңдыққа баулу.	Сюжетті ойын «Супермаркет» Мақсаты: Ойын жағдайына кіру, өзіне рөл алып ойын аяғына дейін рөлге сәйкес әрекет ету.	Драматизациялық ойын: «Мақтақыз бен мысық» Мақсаты: Қойылым арқылы балалардың тілін дамыту, рөлдерге бөліп ойнау.	Дидактикалық ойын: «Не артық?» Мақсаты: Берілген тапсырмаларда белгілі бір заттарды ұқсастығына қарай топтастыру, жиын туралы түсініктерін қалыптастыру.
	«Мекенін тап» Мақсаты: Жануарларды ұқсас белгілеріне қарай табу, олардың мекен анықтау.	Саусақ жаттығуы «Сан санамақ» Мақсаты: Саусақ моторикасын және сөйлеу ырғағын дамыту.	«Жалпы атауын ата» Мақсаты: Сөздердің жалпы атауын айта білуге жаттықтыру.	«Белгілі дыбысқа сөз танда» Мақсаты: Сөз белсенділігін ойлау жылдамдығын дамыту.	«Шынжырға ертегілерді жинайық» Мақсаты: Ауызекі сөйлеу және есте сақтау қабілетін дамыту.
Серуенге дайындық	Жыл мезгіліне сай киіну. Серуенге қызығушылық туғызу. Балалармен жеке әңгімелесу				
Серуен	Картотека №7	Картотека №8	Картотека №9	Картотека №10	Картотека №11
Серуеннен оралу	Киімдерін ұқыптылықпен өз сөрелеріне ілу. Аяқ киімдерін сөрелерге ұқыптылықпен жинау. Мәдени гигиеналық машықтар.				
Кешкі ас	Балалардың назарын тағамға аудару; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс.				
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға кеңес: «Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру»	Ата-аналармен әңгімелесу: «Балаңыз балабақшаға көңілді келеме?».	Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу.	Ата-анаға кеңес: «Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы».	«Баламен демалыс күндерін қалай өткізесіз?» ата-аналармен әңгімелесу.

Тексерілді:

ЦИКЛОГРАММА

Өтпелі тақырып: «Дені саудың жаны сау»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 02.11	Сейсенбі 03.11	Сәрсенбі 04.11	Бейсенбі 05.11	Жұма 06.11
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алып, отбасы жайлы әңгімелесу. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу. Баланы үйде тәрбиелеу мен дамыту мәселелері бойынша ата-аналарға кеңес беру.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	«Маған керек дәрумен» Мақсаты: Үстел үстіндегі суреттерден дәрумендері бар, денсаулыққа пайдалы тағамдарды топтастыруға үйрету.	«Сөйлемді аяқта» Мақсаты: Менің досым... (сыпайы, қайырымды, ақылды, ақкөңіл) Сөздік қорын молайту, шағын әңгіме құрастыруға үйрету.	«Тез құрастыр» Мақсаты: Балаларды тез ойлануға, өзіндік шешім қабылдауға үйрету.	«Саусақтар жүреді» Мақсаты: Екі саусақпен 10-ға дейін тура және кері санап, алға-артқа жүру.	«Ханталапай» Мақсаты: Ептілікке, шапшаңдыққа баулу.
Таңертеңгі жаттығу	Таңертеңгі жаттығу кешені № 5	Таңертеңгі жаттығу кешені № 6	«Қара жорға» биі	Таңертеңгі жаттығу кешені № 5	Таңертеңгі жаттығу кешені № 6
Таңғы ас	Көркем сөз: Сөйлемейміз, күлмейміз Тамақ ішер кез келді, Астан басқа өзгені, Көзімізді ілмейміз.	Ас ішу ережелерін естеріне салу: қасықты дұрыс ұстау, денені тік ұстауға үйрету. Ас мәзірімен таныстыру	Тамақтан соң бата қайырып, «Рахмет» айту	Балалардың назарын тағамға аудару; мәдениетті тамақтануға баулу	Ас мәзіріне отыру. Ас мәзірімен таныстыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру. Әдептілік ережелерін түсіндіру. Рахмет айту.
Ойындар, Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық	Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар				
	«Гүл құрастыру» Мақсаты: Ойын арқылы балалардың ой-өрісін, сөздік қорын молайту.	«Сықырлы қапшық» Мақсаты: Заттарды сипап сезу арқылы таба білуге үйрету. Қиялын дамыту.	«Сәйкес суретті тап» Мақсаты: Балалардың зейіні мен ойлау қабілетін дамыту.	«Бір сөзбен ата» Мақсаты: Балалардың ой-өрісін, сөздік қорын дамыту.	«Дұрыс-бұрыс» Мақсаты: Жақсы және жаман әдеттерді ажырата білуге үйрету.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Жаратылыстану Т. «Терезе алдында не өсіп тұр?» М: Жаңа бөлме өсімдіктермен танысу. Бақылау нәтижелерін салыстыра отырып талдау және қорытынды жасай алу. Өзін-өзі тану Т. «Мен бақытты баламын» М: Балалар өз ұғымында	Математика негіздері Т. «Ұзындық. Шартты өлшеуішті пайдаланып, заттарды ұзындығы бойынша салыстыру» М: Заттардың ұзындықтарын салыстыруды үйрену, заттардың ұзын, қысқа, биік, аласа екенін білу, әртүрлі заттарды салыстыру кезінде ұғымдарды айта алу. Дене шынықтыру	Сауат ашу негіздері Т. «А дыбысы» қайталау М: «А» дыбысының дауысты дыбыс екенін анықтау, дыбыстық талдау жасай білу Сурет салу Т. «Секіртпе» М: Сызықшаны салу арқылы секіртпенін суретін салу. Дене шынықтыру	Сауат ашу негіздері Т. «Т дыбысымен танысу» М: «Т» дыбысымен танысу. «Т» дыбысының сөздегі орнын ажырата білу және буында, сөзде, сөз тіркесінде дұрыс айту. Қоршаған ортамен танысу Т. «Балабақшадағы қауіпсіздік ережелерін сақтайық»	Көркем әдебиет Т. «Әдептілік әлемі» Е. Өтетілеуұлы М: Әдептілік туралы өлең сөздерінің мағынасын түсініп, мәнерлеп айтып бере алу және сурет бойынша әңгіме құрай білу. Жапсыру Т. «Спортшылар» М: Сопақша жолақша арқылы адамдарды құрастырумен жапсыру.

	бақыт сөзіне анықтама беруге үйрену, өз пікірлерін айтып, қорыта білу. Орыс тілі Т. «Наше тело» М: Углубление знаний детей о частях тела. Музыка Т. «Қайырлы таң» М: Музыкалық мәнерлеу құралдарын айыру, музыканың бейнелеу мүмкіндігі туралы түсінік қалыптастыру	Т. «Түрлі түрлі кегелдер» М: Заттардың арасымен жүру, кедергілердің арасынын жүргізуді үйрету. Сөйлеуді дамыту Т. «Шаштараз» өлең. Қ.Мырза Әли М: Тазалық ұғымы туралы білу, тазалық ережелерін ұқыптылықпен орындай алу. Мүсіндеу Т. «Шойын» М: Сурет арқылы өз ойымен шойынды мүсіндеу.	Т. «Біз спортшымыз» М: Тепе-теңдікті сақтап гимнастикалық орындық үстінен еңбектеуді үйрену.	М: Балабақшадағы қауіпсіздік ережелерін білу. Өмір қауіпсіздігі ережелерін сақтауды үйрену. қауіпті жағдайларды ескере отырып үлкендерің айтқанын тыңдау. Дене шынықтыру Т. «Орманға саяхат» М: Бір сызыққа қойылған заттар арасымен «жыланиша» ирелеңдеп жүргізуді үйрету.	Музыка Т. «Қайырлы таң» М: Музыкалық мәнерлеу құралдарын айыру, музыканың бейнелеу мүмкіндігі туралы түсінік қалыптастыру
Серуенге дайындық	Сөредегі киімдерін алып киінуге жинауға дағдыландыру	Киімдерін оң және дұрыс киюге дағдыландыру	Өз-өздеріне қызмет жасау, тазалық шаралары	Аяқ киімдерін дұрыс киінуге дағдыландыру	Киімдерін дұрыс киюін қадағалау
Серуен. Табиғатпен танысу.	Картотека №22	Картотека №2	Картотека №15	Картотека №6	Картотека №7
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешу. Гигиеналық шаралар	Киімдерін ұқыптылықпен ілу. Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілерімен сүртуін.	Аяқ киімдерін реттеп қою. Өздігінен шешіну; киімін ұқыпты бүктеп қою, бауларды байлау және бір-біріне көмектесу дағдыларын қалыптастыру	Балалардың реттілікпен киімдерін шешу, қолды дұрыс жуу, құрғатып сүртуін қадағалау	Киімдерін ұқыптылықпен ілу. Мәдени гигиеналық машықтар, сүлгілерді дұрыс және орынды қолдануға үйрету
Түскі ас	Көркем сөз: Асты-шашпай төкпей іш, Сораптамай баппен іш. Ақырын алып қолын, Шашпай же нанды да.	Тамақтану кезінде аузын жұмып жеуге үйрету. Тамақтан соң рақмет айту.	Көркем сөз: Сөйлемейміз, күлмейміз Астан басқа өзгені, Тамақ ішер кез келді, Көзімізді ілмейміз.	Балалардың назарын тағамға аудару; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс; әдеп ережесі.	Көркем сөз: Дастарханның басында Әдептен бас озбаймыз. Үлкендердің қасында Қолды бұрын созбаймыз.
Тәтті ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату.	Ертегі айта отырып ұйқыға жатқызу	Ұйқы бөлмесінде тыныштық сақтау	Жәй музыка әуенімен ұйықтату	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату.
Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары	Керует жанындағы жаттығулар Бойымызды жазайық. Қолымызды созайық Жаттығулар жасайық, Ұйқымызды ашайық.	Жалпы жетілдіру жаттығуы: 1. Балалар төсекте жатып, бастарын оңға, солға бұрады. 2. Балалар төсекте жатып, қолды екі жаққа созу, жұдырықтап жұму. 3. Балалар төсекте жатып, велосипед тебу.	Шынықтыру шарасы. «Денсаулық» жолымен жүру. Арнайы жолдармен, Жалаң аяқ жүреміз. Табанға біз нүктелі, Массаж жасау білеміз.	Керует жанындағы жаттығулар 1. Б.қ.: аяқты сәл алшақ қою. Қолдарды жан-жаққа созу, былғау. 2. Б.қ.: тұрып, қол белде, аяқ сәл алшақ. Оң жаққа, сол жаққа бұрылу.	Шынықтыру шарасы. Табанды шынықтыру массажы Таяқтарды жылжытып, Массаж жасау білеміз. Он аяққа 1-2-3, Сол аяққа 1-2-3.
Бесін ас	Балалардың назарын тағамға аудару; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс				

Вариативтік компонент	Вариативтік компонент Көңілді би Т: «Қара жорға»		Вариативтік компонент Логика		Вариативтік компонент Дамыту ойыны
Ойындар, дербес әрекет	Сюжетті-рөлдік ойын: «Тәрбиеші» Мақсаты: Балаларға тәрбиеші ойынын ойнау арқылы тәрбиеші кәсібі туралы түсінігін қалыптастыру.	Дидактикалық ойын : «Керісінше айт» Мақсаты: заттарды сипаттай алу, олардың айрықша белгілерін және сипаттауы бойынша заттарды тани алуға дамыту.	Драматизациялық ойын: «Қызыл телпек» ертегісі Мақсаты:Ертегіні сахналау арқылы, сөздік қорын дамыту.Түрлі рөлдерді қабылдай білуге жаттықтыру.	Қимылды ойын: «Асық жинау» Мақсаты:Балаларды шашылған асықтарды түсіне қарай ептілікпен шапшаңдылықпен жинауға үйрету.	Сюжетті-рөлдік ойын: «Құрылысшы» Мақсаты: Ойын арқылы үйлерді қалай салатынын көрсету. Құрылысшы маманының еңбегі зор екенін саналарына сіңіру.
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	«Билайн корпорациясы» Мақсаты:Сөйлеу этикасының дағдыларын қалыптастыру.	«Сикырлы қапшық» Мақсаты: Сезу қабылдаулары арқылы анықтау ептілігін қалыптастыру.	«Ханталапай» Мақсаты:Балаларды ептілікке,шапшаңдыққа баулу	«Отбасы» Мақсаты: Отбасы мүшелерін білу, олардың отбасында атқаратын қызметін үйрету. Үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор болуға тәрбиелеу.	«Үйшік құрасытру» Мақсаты: Құрастыру дағдыларын меңгерту.
Серуенге дайындық	Киіну: серуенге шығу.				
Серуен	Картотека №22	Картотека №2	Картотека №15	Картотека №6	Картотека №7
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешу, аяқ киімдерін реттеп қою, киімдерін ұқыптылықпен ілу. . Өздігінен бауларды байлау және бір-біріне көмектесу дағдыларын қалыптастыру.				
Кешкі ас	Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс; әдеп ережесі. Тамақтан соң бата қайырып,«Рақмет» айту				
Балалардың үйге қайтуы	Ата-анамен баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу.	Ата –анаға балабақшаға кешікпей келіп, уақтылы алып кетулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгімелесу: «Балаңыз балабақшаға көңілді келеме?».	Ата-анаға кеңес: «Бала өміріндегі ата-ананың маңызы».	Ата-аналармен әңгімелесу:"Баламен демалыс күндерін қалай өткізесіз?"

Тексерілді:

ЦИКЛОГРАММА

Өтпелі тақырып «Бізді қоршаған әлем»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 09.11	Сейсенбі 10.11	Сәрсенбі 11.11	Бейсенбі 12.11	Жұма 13.11
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алып,отбасы жайлы әңгімелесу. Баланың бүгінгі көңіл күйі,оны не қызықтыратыны туралы сұрау,баланың жеке пікірін білдіруге баулу. Баланы үйде тәрбиелеу мен дамыту мәселелері бойынша ата-аналарға кеңес беру.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	«Көлеңкесін тап» Мақсаты: Балалардың есте сақтау қабілетін дамыту	Жаңылтпашты жаңылмай айт Айланбадан арба айналып барады, Арбадағылар айбарланып барады	«Досынды тап» Мақсаты: Өз достарын қолын , шашын,киімдерін қолмен ұстап таба білуге үйрету	Саусақ жаттығуы: «Салат» Мақсаты: Қолдың, саусақтың қимылдарының үйлесімділігін дамыту.	Фотосуреттер қарастыру «Менің ойыншықтарым» Фотосуретте бейнеленген ойыншықтарды атап беру.
Танертеңгі жаттығу	Танертеңгі жаттығу кешені № 5	Танертеңгі жаттығу кешені №6	«Қара жорға» биі	Танертеңгі жаттығу кешені №5	Танертеңгі жаттығу кешені №6
Таңғы ас	Асмәзіріментаныстыру.Ас тытауысыпіншуінқадағалау. Асқаалғыстарынайтып,бат аберу.	Асты ішудегі әдеп ережелерін сақтауға үйрету.	Таңғы ас мәзірімен таныстыру. Тамақтан соң рақмет айту.	Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу.	Көркем сөз: Тамақ ішер кез келді, Сөйлемейміз күлмейміз. Астан басқа өзгені, Көзімізге ілмейміз.
Ойындар, Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық	Балаларменұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар				
	«Мекенін тап» Мақсаты: Балалар тез ойлануға, өзіндік шешім қабылдауға үйрену.	«Қандай пішін шықты?» Мақсаты: Таяқшалардан таныс геометриялық пішіндер құрастыра білу.	«Белгілі дыбысқа сөз таңда» Мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін дамыту.	«Қай дыбыстан басталады?» Мақсаты: Ойлау қабілеттерін дамыту, зейінін арттыру.	Ойыншықтарды жасыр» Мақсаты: Заттың санын санау,сезу қабылдаулары арқылы анықтау ептілігін қалыптастыру.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	<u>Жаратылыстану</u> Т. «Аңдар қысқа қалай дайындалады?» <i>М:Аңдардың қоршаған ортадағы өзгерістерге бейімделуі туралы білу, себеп-салдар байланысын анықтай алу.</i> <u>Өзін-өзі тану</u> Т. «Қарым қатынас жасауға үйренеміз» <i>М: Айналасына жағымды қарым-қатынас жасай білу,қоршаған ортаға үйлесімді болу.</i>	<u>Математика негіздері</u> Т. «Дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш» <i>М: Геометриялық пішіндерді (дөңгелек, шаршы , тіктөртбұрыш, үшбұрыш) ажыратып, дұрыс атай білу.</i> <u>Қауіпсіз мінез-құлық негіздері</u> Т. :«Табиғаттағы қауіпсіздік ережелері» <i>М:Табиғаттағы қауіпсіздік ережесін сақтауға үйрену, табиғат аясында өзін-өзі ұстау мәдениетінің дағдыларын меңгеру.</i>	<u>Сауат ашу негіздері</u> Т. «Т дыбысын» қайталау <i>М: Құрамында «Т» дыбысы бар сөздерді табу және дыбыстық талдау жасау.</i> <u>Сурет салу</u> Т. «Күз көрінісі» <i>М: Өз ойларымен күз көрінісін бейнелеу.</i> <u>Дене шынықтыру</u> Т. «Біз ойнағанды жақсы көреміз» <i>М: Тепе-теңдікті сақтап, тізенің арасына қапшықты қысып, қос аяқтап секіруді</i>	<u>Сауат ашу негіздері</u> Т.«Т дыбысын қайталау <i>М:«Т» дыбысы кездесетін сөзге мысал келтіру, сөзге дыбыстық талдау жасай алу, сол сөздерді қатыстырып сөйлем құрау.</i> <u>Құрастыру</u> Т. «Орманды мекендеушілер» <i>М: Орман мекендеушілері аңдарды танып, оларды ажырата білу,табиғи материалдарды пайдалана</i>	<u>Көркем әдебиет</u> Т. «Менің ойыншықтарым» М. Әлімбаев <i>М: Ойыншықтарды сипаттай отырып, тақпақ жаттай алуға үйрену.</i> <u>Жапсыру</u> Т. «Жер шары» <i>М: Домалату әдісін қолданып жер шарын жапсыруды үйрену.</i> <u>Музыка</u> Т.«Күзгі жаңбыр»

	<u>Орыс тілі</u> Т. «Насекомые» <i>М: Уточнение и углубление знаний детей о насекомых.</i> <u>Музыка</u> Т. «Күзгі жаңбыр» <i>М: Әуеннің ауыспалы сипатын беруге, табиғат құбылысын музыкамен байланыстыра білуге үйрету.</i>	<u>Сөйлеуді дамыту</u> Т. «Біз де ойнаймыз» ертегі <i>М: Ертегі мазмұнын айтуға үйрену, ағаштар түрімен танысу, туған жердің табиғатына қамқор бола білу.</i> <u>Мүсіндеу</u> Т. «Қолшатыр» <i>М: Домалату, жалпақтау, ширату әдістерін қолданып қолшатырды мүсіндей білу.</i>	үйрету.	отырып әртүрлі бейнелер жасай алу. <u>Дене шынықтыру</u> Т. «Әдемі боламыз» <i>М: Жыланды ирелеңдеп кедергілердің арасынан секіре білу. Допты бір қатар қойылған заттар арасымен домалатуды үйрену.</i>	М: Әуеннің ауыспалы сипатын беруге, табиғат құбылысын музыкамен байланыстыра білуге үйрету.
Серуенге дайындық	Киімдерін ұқыптылықпен киіну. Таза ауаға серуен.	Балалардың серуенге қызығушылықтарын туғызу.	Балалардың серуенге шығуға дайындау.	Ұқыптылықпен киіну. Таза ауаға шығу.	Балалардың серуенге қызығушылықтарын туғызу
Серуен. Табиғатпен танысу	Картотека №4	Картотека №3	Картотека №10	Картотека №12	Картотека №19
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі. Мәденигигиеналық машықтар.	Гигиеналық шаралар. Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілерімен сүрту.	Ойын жаттығу: Мөлдір-мөлдір, мөлдір су, Мөлдір суға қолды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің-маңдайың.	Мәденигигиеналық машықтар. Түскі асқа дайындық. Кесте бойынша балалардың кезекшілігі.	Ойын жаттығу: Сырттан келіп үнемі Сабынмен қол жуамыз. Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз
Түскі ас	Ас мәзірі мен тамақтануға баулу. Асқа бата беріп, «Әумин!» деп асқайыру.	Түскі ас мәзірі мен тамақтануға баулу. Балалардың назарын тағамға аудару. Асқа бата беріп, асқайыру.	Ас мәзірі мен тамақтануға баулу. Бірінші және екінші асты тауысып ішулерін қадағалау.	Түскі ас мәзірі мен тамақтануға баулу. Асты ұқыпты отырып ішулерін қадағалау.	Ас мәзірі мен тамақтануға баулу. Асты мәдениетті ішулерін қадағалау. Асқа бата беру.
Тәтті ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату.	Балаларға сүйікті ертегілерін айтып беру. Тыныш ұйықтауларын қадағалау.	Балалардың жайлы жатып, тез ұйықтап қалуларын қадағалау.	Балаларға сүйікті ертегілерін айтып беру. Тыныш ұйықтауларын қадағалау.	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату.
Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары	Балаларды бір-біртіндеп ұйқыдан ояту. Ұйқы ашар жаттығуларын жасату. Гигиеналық шаралар.	Шынықтыру шарасы Табанды шынықтыру массажы, Таяқтарды жылжытып, Массаж жасау білеміз. Оң аяққа 1-2-3 Сол аяққа 1-2-3, Массаж жасау білеміз. Арнайы жолдармен жүру.	Шынықтыру шарасы, Әдемі ирек жолдармен. Лақтарша біз ойнақтап, Тастан-тасқа секіріп, Жалаң аяқ жүреміз. табанға біз нүктелі, Массаж жасап жүреміз.	Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында асық үстімен жүргізу.	Балаларды бір-біртіндеп ұйқыдан ояту. Көзімізді ашайық, Ұйқымыздан тұрайық. Бойымызды жсайық, Қолымызды созайық. Жаттығулар жасайық, Ұйқымызды ашайық
Бесін ас	Балалардың назарын тағамға аудару; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс				
Вариативтік компонент	Вариативтік компонент Көңілді би Т: «Қара жорға»		Вариативтік компонент Логика		Вариативтік компонент Дамыту ойыны

Ойындар, дербес әрекет	Сюжетті рөлдік ойын: «Билайн корпарациясы» Мақсаты: Сөйлеу этикасының дағдыларын қалыптастыру.	Дидактикалық ойын «Сиқырлы қапшық» Мақсаты: Сезу қабылдаулары арқылы анықтау ептілігін қалыптастыру.	Ұлттық ойын: «Ханталапай» Мақсаты: Балаларды ептілікке,шапшаңдыққа баулу	Сюжетті рөлдік ойын: «Отбасы» Мақсаты: Отбасы мүшелерін білу, олардың отбасында атқаратын қызметін үйрету. Үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор болуға тәрбиелеу.	Үстел үсті ойыны: «Үйшік құрасытру» Мақсаты: Құрастыру дағдыларын меңгерту.
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	«Маған керек дәрумен» Мақсаты: Үстел үстіндегі суреттерден дәрумендері бар, денсаулыққа пайдалы тағамдарды топтастыруға үйрету.	«Сөйлемді аяқта» Мақсаты: Менің досым... (сыпайы,қайырымды, ақылды, ақкөңіл) Сөздік қорын молайту, шағын әңгіме құрастыруғаүйрету.	«Тез құрастыр» Мақсаты: Балаларды тез ойлануға, өзіндік шешім қабылдауға үйрету.	«Саусақтар жүреді» Мақсаты: Екі саусақпен 10-ға дейін тура және кері санап, алға-артқа жүру.	«Ханталапай» Мақсаты: Ептілікке, шапшаңдыққа баулу.
Серуенге дайындық	Сөредегі киімдерін алып киінуге дағдыландыру				
Серуен	Картотека №4	Картотека №3	Картотека №10	Картотека №12	Картотека №19
Серуеннен оралу	Аяқ киімдерін дұрыс шеше білуге, жинап қоюға үйрету, қолды дұрыс жуу				
Кешкі ас	Ас ішу кезінде тәртіппен тамақтану,тазалық сақтау рәсімін қадағалау.				
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналармен әңгіме: «Балаңызбен жиі әңгімелесесіз бе?».	Ата-аналармен сұхбат. Бала бойындағы ерекше қасиеттері жайлы әңгімелесу	Дәрігердің кеңесі : "Адамға қарай түкіруге, үшкіруге болмайды"	Ата-анамен әңгіме «Баланың балабақшадағы бір күні»	Дүйсенбі күнге таза болып келулерін ескерту.

Тексерілді:

ЦИКЛОГРАММА

Өтпелі тақырып :«Жыл құстары»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 16.11	Сейсенбі 17.11	Сәрсенбі 18.11	Бейсенбі 19.11	Жұма 20.11
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алып,отбасы жайлы әңгімелесу. Баланың бүгінгі көңіл күйі,оны не қызықтыратыны туралы сұрау,баланың жеке пікірін білдіруге баулу. Баланы үйде тәрбиелеу мен дамыту мәселелері бойынша ата-аналарға кеңес беру.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	Жаңылтпашты жаңылмай айт Шошытқан үш құсты Шошыпүш құс ұшты	Саусақ жаттығуы: «Санамақ» Мақсаты: Саусақ моториканы және сөйлеу ырғағын дамыту.	Еркін ойын «Ханталапай» Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа ,ептілікке баулу.	Көркем сөз: Құстар тойын құттықтар Қуанамыз, қолдаймыз. Ұя жасап құттықтап, Біз оларды қорғаймыз.	«Ұқсас сөздер» Мақсаты: синонимдарды анықтау дағдыларын дамыту
Таңертеңгі жаттығу	Таңертеңгі жаттығу кешені№5	Таңертеңгі жаттығу кешені№6		Таңертеңгі жаттығу кешені№5	Таңертеңгі жаттығу кешені№6
Таңғы ас	Көркем сөз: Сөйлемейміз,күлмейміз Астан басқа өзгені, Тамақ ішер кез келді, Көзімізді ілмейміз.	Балалардың назарын тағамға аудару; мәдениетті тамақтануға баулу	Мақал-мәтел Ас атасы - нан. Дәнді шашпа, нанды баспа.	Тыйым сөздер Нанды төңкеріп қоюға болмайды.Нан - қасиетті дәм, онымен ойнауға болмайды. Нанды бір қолымен үзуге болмайды.	Көркем сөз: Асты-шашпай төкпей іш, Сораптамай баппен іш Ақырын алып қолын Шашпай же нанды да
Ойындар,Ұйымдасты рылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық	Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар				
	«Бұл қай құс?» Мақсаты: Құстардың түрлерін ажырата білуге үйрету.	«Қай пішінге ұқсайды?» Мақсаты: Ой-өрісін дамыту. Ұқсас пішіндерді сәйкестендіру	«Қане, сөйлесейік» Мақсаты: Балалар арасындағы қарым- қатынас дағдыларын дамыту.	«Белгілі дыбысқа сөз танда» Мақсаты: балалардың ойлау қабілетін дамыту	«Көңіл күй» Мақсаты: Адамның эмоционалды көңіл күйін анықтауға үйрету.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	<u>Жаратылыстану</u> Т. «Жыл құстары» М: Жыл құстары, күз мезгілінде олардың тіршілігіндегі өзгерістер туралы білу. Құстардың қыс мезгілінде табиғи жағдайлардағы тіршілігі туралы түсінік алу <u>Өзін-өзі тану</u> Т. «Жүрегімде жақсылық» М: «Жақсылық» ұғымының адамгершілік құндылықтары ретіндегі мәнін ашу. Адам бойындағы адамгершілік құнды	<u>Математика негіздері</u> Т. «Дөңгелек және сопақша» М: Геометриялық пішіндер, дөңгелек және сопақша пішіндердің айырмашылығын түсіну.Сипат сезу мен көру арқылы пішіндерді өз бетінше ажырата білу <u>Дене шынықтыру</u> Т: «Епті болайық» М: Тақтаймен алға, артқа жүруді үйрету,допты алға қарай домалатуды үйрету <u>Кіріктірілген ҰОҚ</u> <u>Сөйлеуді дамыту</u>	<u>Сауат ашу негіздері</u> Т. «Н дыбысымен» танысу М: «Н»дыбысының дауыссыз дыбыс екенін анықтау. Дыбысты дұрыс дыбыстай білуге үйрену <u>Сурет салу</u> Т. «Құстар ұшып кетеді» М: Трафарет көмегімен суретін салуды білу. <u>Дене шынықтыру</u> Т.«Қалай өрмелей аласындар?» М: Гимнастикалық	<u>Сауат ашу негіздері</u> Т. «Н дыбысын» қайталау М: «Н»дыбысының сөздегі орнын ажырата білу және буында,сөзде, сөз тіркесінде дұрыс айту. <u>Қоршаған ортамен танысу</u> Т.«Құстар біздің досымыз» М: Құстар туралы білімін кеңейту. Құстардың дене құрылысы туралы білу, пайдасын түсіну. Кері байланыс: Бағдаршам <u>Дене шынықтыру</u>	<u>Көркем әдебиет</u> Т:«Бір уыс мақта» Ы. Алтынсарин М: Ы. Алтынсариннің әңгімесі арқылы,бір уыс мақтаның құстарға тигізген пайдасы туралы баяндау. Тілін , ізденушілік, шығармашылық қабілеттерін ашу. : <u>Жапсыру</u> Т.«Аққу» М: Жолақша көмегімен аққуды жапсыруды білу

	қасиеттер туралы түсініктерді кеңейту, дұрыс әрекет жасауға үйрену. Орыс тілі Т. «Птицы –наши друзья» <i>М:Расширение представлений детей о птицах</i> Музыка Т. «Көңілді ырғақтар» <i>М:Би музыкаларын ажыратуға үйрету</i>	Т.«Су торғайы» әңгіме М.Зверев <i>Қыстайтын құстар туралы білу, әңгімені оқып, сұраққа жауап беруге, құстарға қамқорлық жасау мен қорғауға үйрену.</i> Мүсіндеу Т.«Торғай» <i>М: Бір кесек ермексазdan шығару, созу арқылы мүсіндеуді үйрену</i>	қабырғаға кез келген тәсілмен өрмелеуді білу	Т. «Біз мергенбіз» <i>М:Қапшықты нысанаға көздеп лақтыруды, тепе – теңдікті сақтап,допты екі аяқтың арасына қысып алға қарай секіруді үйрену</i>	Музыка Т. «Көңілді ырғақтар» <i>М:Би музыкаларын ажыратуға үйрету</i>
Серуенге дайындық	Балалардың реттілікпен киімдерін кию	Асыр салып ойнаймыз	Балалардың киіну реттілігін бақылау	Аяқ киімдерін дұрыс киюге дағдыландыру	Балалардың киіну реттілігін бақылау
Серуен. Табиғатпен танысу.	Картотека №3	Картотека №8	Картотека №4	Картотека №25	Картотека №11
Серуеннен оралу	Киімдерін ұқыптылықпен ілу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешу	Аяқ киімдерін реттеп қою	Балалардың реттілікпен киімдерін шешу	Киімдерін ұқыптылықпен ілу
